



Утверждаю
Заведующая ясли-сада «Дарын»
Исбаева Н.М.

Ортаңғы топ.	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№26				
Күндері	28.02 - 04.03.2022				
Өтпелі тақырыптың атауы	Жылғалардан су ақты				
Мекеменің атауы, тобы	ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы», ортаңғы топ «Еркетай»				
Педагогтің аты-жөні	Курманбаева Ж.К.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сәрсенбі	Сейсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналармен "Отбасында баланы еңбекке тәрбиелеу" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б.. естеріне салып отыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шанды сұрту іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю.

Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Қуыршақ қонаққа баруға дайындалады" дидактикалық ойыны. Мақсаты: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.	Санамақтар айтқызу. Дүйсенбіде доп ойнадық қорада, Сейсенбіде серуен құрдық далада. Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп, Бейсенбіде би биледік әндетіп. Жұма күні жидек тердік қыратта, Сенбі күні кино көрдік. Жексенбіде үйде болып демалдық, Осылайша өте шықты бір апта.	"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны. Дидактикалық міндеті: балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу. Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады. Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүрісін өткізіп алмау.	"Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны. Дидактикалық міндеті: балаларды құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру. Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру. Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды, мысалы, "Менің жылы тонды киюімнің себебі, ..." - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "... жылы болу үшін ... тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді әзірлеп қоюы керек. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебіміз,...", "Қолшатыр алған себебіміз,..." және т.б.. Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады.	"Кім көп біледі?" сөздік ойыны. Дидактикалық міндеті: балалардың есте сақтауын; заттар туралы білімдерін молайту; тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойын ережесі: заттың қалай пайдаланылатынын айту. Ойын әрекеттері: жарыс, затты пайдаланудың түрлерін көп айту керек.
Таңғы жаттығу	Кешенді жаттығулар Бас бармақ бастық екен, Сұқ саусақ сақтық екен, Ортан қол ойшыл екен, Аты жоқ саусақ тойшыл екен, Ал шынашақ еңбекшіл қойшы екен. Бастық басқар, сақтық сақтар, Ойшыл ойла, тойшыл тойла. Саусақтарды бүгеміз,				

	Саусақтарды бүреміз. Бүгіп , бүріп саусақты, Сергіп қалдық, міне, біз.				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Ауызыңа тамақты толтырып сөйлеме! Тамақты өте мұқият шайнай ғой, Рақмет айтуды ұмытпа!				
Ойындар, оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де Қуанасың сен де, Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге!	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Армысыз, қайрымды Аспан ата! Армысыз, мейрімді Жер - Ана! Армысыз, шұғылалы Алтын - Күн! Қуан, шаттан, алақай!	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Зат іздеу". Мақсаты. Ойынға қатысатын балалар бөлмеден шығады. Осы уақытта кішкентай бір затты (сақина, өшіргіш) көрінетін жерге қойыңыз. Балалар бөлмеге кезектесіп кіреді; оларға бөлмені айналып шығып, қандай жаңа зат пайда болғанын атауға мүмкіндік беріледі. Тапсырманы орындай алмаған бала айып ұпаймен келесі айналымға өтеді.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де Қуанасың сен де, Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге!	"Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту. Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек.

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Көктем келді суретімен танысу". Мақсаты. Балаларды "Көктем келді" суретімен таныстыру, сурет мазмұнын баяндау тәртібіне үйрету, көктем туралы білімдерін пысықтау. <i>Дамытушы жаттығу. "Қай мезгілде болады?"</i>. Сурет салу "Тамшылар". Мақсаты. Балаларды көлденең сызықтың "шатырдың" бойымен солдан оңға қарай, кезекпен, үстіден төмен қарай көкшіл тамшылар тізбектерін салуда жаттықтыру; шатырдан ағып жатқан тамшылар бейнесін салуға үйрету. <i>Саусақ жаттығуы. "Тамшылар"</i>. Дене шынықтыру "Таза бұлақ". Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге	Музыка "Көктем келді, алақай!" Мақсаты. Балалардың әнді орындау кезінде оның сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға үйрету; музыкалық аспапта (қасықпен) ойнау қабілеті мен дыбысты есту қабілетін дамыту. <i>"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.</i> Математика негіздері "Көктем тамшылары". Мақсаты. Балаларды бірыңғай ырғақтағы дыбыстардың санын заттардың санына сәйкестендіруге үйрету; дыбыстардың саны қанша болса, сонша затты қатарға салу (қою), сәйкестендіру нәтижесін атап айту амалдарын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, түйсікпен, құлақпен және көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау	Орыс тілі "Весна - красна". Время года - весна. Цель. Учить понимать русскую речь, составлять простые сочетания слов на тему «Весна», проговаривать предложения по образцу, учить выражать отношение к времени года с помощью повтора и проговаривания небольших четверостиший о таких природных явлениях, как капель. <i>Упражнение "Капает капель" с использованием карандашей и бумаги</i> Дене шынықтыру "Көктемгі жылғалар". Мақсаты. Балаларды доғаның астымен өрмелеуге; тепе-теңдікті сақтай отырып тура жолмен жүруге үйрету; балаларды жануарлардың қимылдарына еліктеп, қимыл ойындарын ойнауға қызығушылықтарын ояту. <i>"Кім бірініші?" қимылды ойыны.</i> Вариативті компонент Қатынас <i>Ертегі әлемінде</i> Тақырыбы: «Жеті лақ және қасқыр» ертегісі. Мақсаты: «Қасқыр мен жеті лақ ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту. Сөздік қорын молайту, тіл	Мүсіндеу "Қонжық". Мақсаты. Балалардың жабайы аңдардың қысқы тіршілігі туралы түсініктер аясын кеңейту, қонжықтың дене құрылысы жөніндегі білімдерін пысықтау. <i>Сергіту сәті. "Қонжық орманда жүреді".</i> Қоршаған ортамен танысу "Киіз үй". Мақсаты. Балаларды киіз үйдің құрылысымен таныстыра отырып, оның бөліктері жөніндегі мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; киіз үйдің қасиеті мен ерекшеліктерін жатқа білуге дағдыландыру. <i>Дидактикалық ойын: "Киіз үйді құрастыр</i>	Жаратылыстану "Судың қасиеті". Мақсаты. Балалардың жылғаларды бақылай отырып, одан ағатын судың ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Судың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. <i>"Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны.</i> Дене шынықтыру "Таза бұлақтай таза болайық!" Мақсаты. Балаларды гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеуге; тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтауға үйрету; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеу дағдыларын пысықтау. <i>"Қолшатыр ойыны" қимылды ойыны.</i>
---	--	---	--	---	---

	үйрету. "Сарбаздар" пысықтау ойыны.	кабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Үстел басындағы іс- тәжірибе жаттығуы. "Биік және аласа үйлерден аққан тамишылар".	байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту. Ертегінің мазмұнын еске түсіре отырып, тілдік қорларын байыту, ой өрістерін дамыту. Сұрақ - жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру. Мимиканың дидактикалық ойын арқылы эмоциялы шығарылауын дамыту. Көңіл – күйлерін көтеріп, аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу..		
--	--	---	--	--	--

Серуен	Көктем келді. Мақсаты: көктем туралы ойларын бекіту, табиғаттағы өзгерістерге назар аудару. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарға жем беру). Мақсаты: табиғат объектілеріне көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ағын арқылы", "Таяқша". Мақсаты: педагогтің нұсқауы бойынша тез әрекет етуге, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, балаларды ойын жағдайына сәйкес қимылдауға; жылдамдық пен ептілікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жылан". Мақсаты: заттарды құлатпай, олардың арасында «жылан» сияқты жүруді жалғастыру; зейін мен бақылауды дамыту.	Табиғат өзгерістерін бақылау. Мақсаты: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту, бақылау дағдыларын дамыту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қарды белгілі бір жерде жинау) Мақсаты: еңбекке баулу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ең епті!", "Ең жылдам!" Мақсаты: ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамыту; топтың орындау дағдыларын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Басқаға бер". Мақсаты: допты лақтыру және қағып алу - ептілікті дамыту, күш тастау, салауатты өмір салтын қалыптастыру.	Жүргізушінің жұмысын бақылау. Мақсаты: жүргізушінің жұмысымен,көлік бөлшектерінің атауларымен танысуды жалғастыру; ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (балабақша аумағын қоқыстардан тазарту.) Мақсаты: тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз жүргізушілерміз","Торғайлар және көлік". Мақсаты: кеңістікті бағдарлауды дамыту; ойынды ұйымдастырудағы тәуелсіздікке тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: кеңістіктегі бағдарды, тепе-теңдік сезімін жақсарту.	Пошташының жұмысын бақылау. Мақсаты: пошташының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту; еңбек адамдарына деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау.) Мақсаты: қызығушылықтарын бағындырып, бірлесіп жұмыс жасау қабілетін дамыту, жауапкершілік сезіміне тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Күн қояндары", "Қаздар". Мақсаты: қимылдарды үйлестіруді дамыту; жалпыға ортақ іс-әрекеттерді жасай білуге жаттықтыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.	Көгершіндерді бақылау. Мақсаты: құстардың пайда болуы, олардың әдеттері мен тіршілік ету ортасы туралы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілігі туралы нақты түсініктерді қалыптастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қар мен қоқыс қалдықтарынан ұжыммен бірге тазарту.) Мақсаты: тазалық пен тәртіпке дағдыландыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Көгершінді қуып жет", "Жапалақ". Мақсаты: ептілікті, жылдамдықты жақсарту (артқа қарамай, белгі бойынша жүгіру); жылдамдықты үдету кезінде белгі бойынша қозғалуды, жиі қадамдар жасауды, қолдың жігерлі қимылдарын үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: оңға, солға, айналаға бұрылыстармен секіру жаттығуларын жасау.
----------------------	--	--	---	--	--

Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; колдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беті-қолдарын сүлгімен құрғату.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Гүлдер" имитациялық ойыны. - Балалар, бәріміз гүлдер боламыз. Менің айтып отырған сөздерім бойынша қимылдарды жасайсыңдар. Балалар «гүлдерге» айналады (тізелерін бүгіп отырып, бастары мен қолдарын тізелеріне қойып, көздерін жұмады). Жерден кішкентай өскін өсіп шықты. Ол бойын күнге созып, баяу өсе бастады. Міне, гүлшанақ (бутон) пайда болды. Гүл бір күлтесін ашты (оң қолдарын жоғары созады), сонан соң екінші күлтесін ашты (сол қолын екінші	Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата". Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның ежелері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады. Үстел басында отырған бала кез келген жабайы аңның енесі мен төлінің жұбын құрастырады. Жұп құрастырылғаннан кейін, әрбір бала жабайы аңды және төлін айтады.	"Аюлар" пантомималық ойыны. Мақсаты: пантомимика дағдыларын қалыптастыру. - Балалар, қарандар, бұл не болды екен? О, бұл аюдың апаны ғой! Оның ішінде кішкентай қонжықтар ұйықтап жатыр. Қазір күн жылынып, қар еріді. Су тамшылары шұңқырға сіңіп кетті. Су қонжықтардың мұрнына, құлағына тамып жатыр. Қонжықтар аяқ-қолын созып, қорылдап, көздерін ашып, сыртқа шыға бастады. Бұтақтардың арасынан ашық жерге шықты. Күн сәулелері көзді соқыр етеді. Қонжықтар көздерін қолдарымен бүркеп тұр. Бірақ көп ұзамай көздері оған үйренді. Қонжықтар жан-жағына қарап, таза ауаны сезініп, алаңқайға	Драматизация. "Қарлығаштың құйрығы неге айыр?" ертегісін суреттерді қолдану арқылы сахналау.	Балалардың жеке-дара іс-әрекеттері (құрылыс материалдарымен ойнау, өздерінің қалаған ойын әрекеттері).

	жаққа созады), тағы екі күлтесі ашылды (екі қолдарын төменнен жоғарыға қарай созады), міне, гүл ашылды. Самал жел соқты, гүл желмен тербеле бастады. Ара ұшып келіп гүлге қонды. Педагог балалардың қимылдарды дұрыс жасауларын қадағалап отырады.		жайбарақат ойнап жүр. Мұнда көп қызық бар екен! Әрі қарай импровизация жасауға болады.		
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Тоқта!" (3-4 рет ойнатылады) Мақсаты: балаларды жүгіруге, допты ұстауға, дәлдікке жаттықтыру. Барысы: педагог жүргізушіні таңдайды. Жүргізуші допты мүмкіндігінше жоғары лақтырады және оны ұстап алуы керек. Ол допты ұстап алған кезде, қалған ойыншылар алаңда жүгіре бастайды. Жүргізуші допты ұстап алып: "Тоқта!" - деп айта салысымен, ойыншылар тоқтайды. Жүргізуші допты мүмкіндігінше жақын тұрған ойыншыға лақтырады. Егер тимесе, доптың артынан жүгіреді, ал қалған ойыншылар қайтадан жан-жаққа жүгіреді. Жүргізуші тағы да: "Тоқта!" дейді. Егер жүргізуші көздеген балаға топті тигізсе, екеуі орындарымен ауысады.				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	"Кім қалай сөйлейді?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: сөздік қорын кеңейту, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы: педагог кезекпен балаларға допты лақтырады, жануарларды атайды. Допты қайтарған балалар жануардың қандай да бір дауыс беретініне жауап беруі керек: Сиыр мөңіреді, Жолбарыс ақырады, Жылан ысылдайды, Маса ызындайды, Ит үреді, Қасқыр ұлиды, Мысық мияулайды, Шошқа қорсылдайды.	"Су" тақпағын айтқызу. Мақсаты. Бала тілін дамыту. "Су" (Тұрсын Елеусізұлы) Асыр салып баладай, Зыр жүгіріп ағады. Ақ сүт берген анадай Сусындатар даланы.	"Көктем" тақпағын айтқызу. Мақсаты. Бала тілін дамыту. "Көктем" (Көмек Ыбыраев) Бұлбұл сайрап шат үнді, Ну тоғайға шақырды. Таудан аққан өзен де Бар даусымен "ақырды". Жайраңдасып жас-кәрі, Құстар келе бастады. Қыс киген ақ шапанды, Көктем жыртып тастады.	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Бәрін байқау" (елеу, көру). Мақсаты. Бір қатарға 5-7 (ең көбі - 10) зат немесе сурет орналастырып, оларды жауып қойыңыз. Заттарды 10 секунд ашып тұрып, қайта жабыңыз да, балаларға есінде қалған барлық заттарды атауын ұсыныңыз. Заттарды қайтадан 8-10 секунд ашып тұрып, балалардан заттардың қандай ретпен орналасқанын сұраңыз. Кез-келген екі заттың орындарын ауыстырып, барлық заттарды қайтадан 10 секунд көрсетіңіз. Балалардан қандай заттарды орны ауысқанын сұраңыз. Заттарға қарамай, әр заттың түсін айтып беруді сұраңыз.	Сюжетті суреттер қарастыру. Мақсаты. "Көктем" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес. "Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу."	Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".	Жаднама. "Біз балаларға ертегілер оқимыз".	Жаднама. "Отбасына жағымды атмосфера сыйлау".	"Үйде демалысты қалай өткізу керек" әңгімелесу.